

Акциздеуге жататын өнімді өндіру мен сатудан алынған қаражаттың бюджетке түсуіне бақылауды күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 15 қаңтардағы N 68

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша спирттің барлық түрін тасымалдау кезінде шығын мен ұрлыққа жол бермеу, сондай-ақ акциздеуге жататын өнімді шығару мен сатудан алынатын қаражаттың бюджетке түсуіне бақылауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық комитеті Кеден комитетімен, Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп, спирттің барлық түрлерінің өндірушіден түпкілікті тұтынушыға дейін жылжуын бақылау тетігін әзірлесін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

P990031_

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі темір жол басқармаларының тәулік сайын аумақтық салық органдарына халықаралық түйісу жолдары бойынша Қазақстан Республикасына спирттің түскені туралы хабарлап отыруын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті: <*>

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті мен Салық комитетіне белгіленген нысан бойынша Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін импортталған спирттің, алкогольді өнімдердің және сыраның барлық түрлерінің қозғалысы туралы ақпарат, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық комитетіне Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін темекі өнімдерінің қозғалысы туралы ақпарат ұсынсын; <*>

ұқсатылған өнімі акциздеуге жататын тауар болып табылатын Қазақстан тауарларының Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде ұқсату режимінің орындалуына бақылауды күшейтсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

P990031_

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі ұқсатылған өнімі спирт, алкоголь, темекі өнімдері мен сыра болып табылатын тауарларды ұқсатуға қорытындылар беру тәжірибесін тоқтатсын.

5. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау

жөніндегі комитеті және оның жергілікті жерлердегі органдары спирттің барлық түрін және алкоголь өнімін шығаруға лицензиялар беру жөніндегі комиссияның құрамына салық органдарының өкілдері мен "Казалко" спирт және алкоголь өнімін шығарушылар ассоциациясының өкілдерін енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистикалық агенттігі 1997 жылға арналған жұмыстар регламентінде өнім өндірушілер бойынша спирт пен алкоголь өнімін шығару мен сату туралы есепті көздейтін болсын.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті 1997

жылдың 15 сәуіріне дейін 1997 жылдың I тоқсанындағы жұмыс нәтижелері бойынша осы қаулының іске асырылу барысы мен тиімділігі туралы ақпарат ұсынатын болсын.

8. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары